

**Қызылорда медициналық жоғары колледжі
63-топ, «Мейірбике ісі» қолданбалы бакалавриат**

Реабилитациядағы нормативті-құқықты актілер

Курс атауы: «Функционалды мүмкіншіліктерді жақсарту»

Курс жетекшісі: Жундабекова С.С

Орындағандар: Айтқожаева Аида
Әбіләшімова Майра
Жарылқасын Айдана
Қали Махат
Мәлік Ақгүл

Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 759 бұйрығы)

Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылы 27 ақпандағы № 98 бұйрығы)

Медициналық оңалту – науқастардың және мүгедектер организмiнiң бұзылған және (немесе) жойылған функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтердің кешені

Медициналық оңалтудың мақсаттары :

- денсаулықты, еңбекке қабілеттілікті;
- тұлғалық және әлеуметтік мәртебені қалпына келтіру,;
- қоғам өмірінің қалыпты жағдайында интеграция, реинтеграцияның материалдық;
- әлеуметтік тәуелділігіне қол жеткізу болып табылады

- **Мультитәртiптiк команда** – (бұдан әрi – МТК) медициналық ұйымдардың басшылары МО барлық кезеңдерiнде құратын үйлестiрушi дәрiгердiң басшылығымен медициналық оңалту және кешендi оңалту көрсететiн әртүрлi мамандардың тобы;
- **биоәлеуметтiк функциялар** – бұл тiршiлiк әрекетi мен денсаулық шектеулерi жұмыс iстеуiнiң халықаралық жiктемесiне сәйкес индекстер бойынша анықталатын, өзiне қызмет көрсетуге, кеңiстiкке бейiмделуi және уақытқа, қозғалысқа, сезiнуге, экономикалық және әлеуметтiк тәуелсiздiкке, еңбек және шығармашылық қызметке қабiлеттiлiгi.
- **оңалту әлеуетi** – биоәлеуметтiк функциялар, сонымен қатар әлеуметтiк-қоршаған орта факторларын есепке ала отырып, оңалтудың айқындалған мақсатына жетудiң белгiлi бiр уақыт аралығында клиникалық негiзделген мүмкiндiгi

Оңалту мақсаты – жоспарлы, өзіндік, өлшеулі, нақты қол жеткізілген, уақытпен белгіленген жүргізілген оңалту шараларының нәтижесі;

- ❑ **Оңалту болжамы** – оңалту әлеуетін іске асыру бойынша өткізілген оңалту іс-шараларынан кейінгі күтілетін нәтиже;
- ❑ **Жеке оңалту бағдарламасы** – науқастарға және мүгедектерге өткізілетін оңалтудың нақты көлемін, түрін және мерзімін анықтайтын құжат;
- ❑ **Оңалту картасы** – зерттеу жүргізілген, оңалту емінің нәтижесі көрсетілген науқастың объективті жағдайы туралы деректер жазылған (ҚР ДСМ № 907 бұйрығымен бекітілген 107-е нысаны) бастапқы медициналық құжаттаманың нысаны;

1 Халықаралық өлшемдер (индекстер, шкалалар, тестер) – медициналық оңалту көлемін, тактикасын, кезеңділігін анықтайтын адамның оңалту әлеуетін, биоәлеуметтік факторлар бұзушылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін медициналық оңалту құралдар;

2 Әлеуметтік қызметкер – денсаулық сақтау саласында арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін және (немесе) арнайы әлеуметтік қызметте қажеттілікті бағалауды және анықтауды жүзеге асыратын, белгіленген талаптарға сәйкес қажетті біліктілігі бар қызметкер;

3 Емдеуге жатқызу бюро порталы – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуға пациенттерді бағыттауды электронды тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай жүйесі.

Медициналық оңалтуды ұсынудың көлемдері және кезеңдері

I кезең (ерте)

стационарлық жағдайда аурудың жіті және асқынған кезеңінде қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда, сондай-ақ амбулаториялық жағдайда оңалту шаралары көрсету

II кезең (жалғастырушы)

Медициналық оңалту бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес аурудан кейін (операциялық араласу) алғашқы он екі айдың ішінде бастан өткергеннен кейін

III кезең (кейінгі)

аурудың кейінгі қалпына келтіру кезеңі

Мультитәртіптік команданың қызметі (МТҚ)

Пациенттерге медициналық оңалту бойынша көмек МТҚ-ның қатысуымен өткізіледі.

Міндеті: пациенттің оңалту диагнозын, оңалту әлеуетін және болжамын анықтау;

○ МО өткізу үшін көлемін, кезеңін және медициналық ұйымды анықтау

Қызметі: жекеленген оңалту бағдарламасын қалыптастыру;

○ оңалту іс-шараларының кешенін өткізу;

○ клиникалық-инструменталдық және зертханалық зерттеулердің мәліметтеріне бағалау өткізу;

○ оңалту іс-шаралары кешенінің тиімділігін бағалау;

МТК құрамына (арнайы оқытылған мамандар)

дәрігер-
реабилитолог

психолог

консультант

Әлеуметтік
қызметкер

Физиотерапия
бөлімінің
мейіргері

Күтім жасайтын
мейірбике

ортезист—маман


Логопед,
дефектолог -
мұғалім

Мүгедек – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

- ❑ **Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы** – мүгедекті оңалтуды жүргізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін айқындайтын құжат;
- ❑ **Мүгедектік** – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі;
- ❑ **Мүгедектерді әлеуметтік қорғау** – мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, сондай-ақ олардың қоғамға етене араласуы жөніндегі шаралар кешені;
- ❑ **Мүгедектерді оңалту** – организм функцияларының тұрақты бұзылып денсаулықтың бұзылуынан туындаған тіршілік-тынысының шектелуін жоюға немесе мүмкіндігінше толық өтеуге бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешені;
- ❑ **Оңалту әлеуеті** – мүгедек организмнің бұзылған функциялары мен қабілеттерін медициналық, психологиялық және әлеуметтік

Еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесіне қарай:

1-ТОП - аса ауыр деңгейдегі мүгедектер,
еңбекке жарамсыз.



2-ТОП - мүгедектер,
жеңіл еңбектерге жарамды



3-ТОП - еңбекке жарамды адамдар

Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын іске асыру

- ✓ Оңалту іс-шараларын жүргізу кезінде оңалту іс-шараларын жүзеге асырудың жеке-даралығы, дәйектілігі, кешенділігі, сабақтастығы және үздіксіздігі, жүргізілген оңалту іс-шараларын динамикалық байқау және тиімділігін бақылау қамтамасыз етіледі.
- ✓ Жүргізілген оңалту іс-шаралары аяқталғаннан кейін ОЖБ медициналық, әлеуметтік және кәсіптік бөліктеріне ОЖБ іске асыруға жауапты басшы қол қояды.
- ✓ Оңалту іс-шараларын орындамау себептеріне қарай, көрсеткіштердің болуы кезінде МӘС бөлімі ОЖБ әлеуметтік және кәсіптік бөлігіне түзету жүргізеді және (немесе) оңалту іс-шараларын одан әрі жүргізудің қажеттігі және орындылығы туралы мәселені шешеді.



Р/с №	Құжат атауы	Құжаттағы парақтар саны	Ескертуге
1.	088/у нысаны		
2.	ОЖБ-ның медициналық бөлімінің көшірмесі		
3.	жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі		
4.	Тіркелген орнын растайтын құжат		
5.	амбулаториялық науқастың медициналық картасы, ауру тарихынан үзінді көшірмелердің және зерттеу нәтижелерінің көшірмелері		
6.	медициналық ұйымға бекіту анықтамасының (талоны) көшірмесі		
7.	еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (анықтамасы)		
8.	еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі және (немесе) өндірістегі еңбек сипаты мен еңбек жағдайлары туралы мәліметтер		
9.	ДКК қорытындысы		
10.	міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу (немесе қатыспау) фактісін растайтын құжат		
11.	жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесі		
12.	Еңбек гигиенасы мен кәсіптік аурулар ұлттық орталығы қорытындысының көшірмесі		
13.	себеп-салдарлық байланысты белгілеген тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган берген құжаттың көшірмесі		
14.	еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде алған жарақаттанумен немесе аурумен себеп-		

Қайта куәландыруға қажетті өтінішке қоса, бірқатар құжаттар тізімі



Жеке оңалту бағдарламасы

Медициналық оңалту жөніндегі іс-шаралар*

р/с	Медициналық оңалту жөніндегі іс-шаралар мен қызметтер	Медициналық оңалту мерзімдері	Орындал ғаны туралы белгі (+,-)	Орындамау себебінің негіздемесі
		Медициналық оңалту күні, ұзақтығы, жүргізген ұйым (көрсетілсін)		
1.	Дәрі-дәрмекті терапия физикалық оңалту Физиотерапия Психотүзету Эрготерапия Әлеуметтік қызметкер консультациясы Пациентті оқыту			
2.	Реконструктивті хирургия			
3.	Қосымша қызметтер (енгізу керек)			

Медициналық-әлеуметтік оңалту бойынша ұсыным*

Іс-шаралар, қызметтер, техникалық құралдар	Өткізу мерзімдері (іске асыратын ай және жыл)	Пациент мұқтаж ететін нақты түрлері
Протездеу және ортездеу		
Медициналық оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету		
Санаторлық емдеу (бейіні көрсетілсін)		
Пациентті үй жағдайларында оңалту әдістеріне оқыту		
Басқалары		

Реабилитациядағы нормативті-құқыты актілер тізімі:

- 1. Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 759 бұйрығы)**
- 2. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылы 27 ақпандағы № 98 бұйрығы)**
- 3. Оңалту картасы – ҚР ДСМ 907 бұйрығымен бекітілген 107-е нысаны**
- 4. Медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу – 088/е нысаны**
- 5. пациенттің медициналық картасы (ҚР ДСМ 907 бұйрығымен бекітілген № 025/е нысаны**
- 6. баланың даму картасы (ҚР ДСМ № 907 бұйрығымен бекітілген № 026/е нысаны)**
- 7. Санаторлы -курорттық карта (№ 072/е нысаны)**



Ақпарат көздері

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008422>
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300009108>
3. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010589>